

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі N 336 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 қарашадағы № 248-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң қаржы полициясы органдарының құқықтық мәртебесін, міндеттерін, ұйымдастырылу және қызмет ету принциптерін, өкілеттігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қаржы полициясы органдарының жүйесін айқындайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76 Заңымен.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары (бұдан әрі – қаржы полициясы органдары) заңда белгіленген өкілеттіктері шегінде жедел-іздістіру қызметін, алдын ала тергеу және анықтау, әкімшілік іс жүргізу арқылы экономикалық және қаржылық қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылмыстық және өзге де заңсыз қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын құқық қорғау органы болып табылады.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Қаржы полициясы органдарының міндеттері

Қаржы полициясы органдарының міндеттері мыналар:

- 1) өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 2) экономикалық қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау жолын кесу, ашу және тергеу;
- 3) экономика саласындағы сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес

ісінде мемлекеттік және құқықтық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

4) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76, 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізі

Қаржы полициясы органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-бап. Қаржы полициясы органдарының ұйымдастырылу және қызмет ету принциптері

Қаржы полициясы органдарының қызметі заңдылық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қадір-қасиетін құрметтеу және сақтау, қаржы полициясы органдары жүйесінің бірлігі, жұмыстың жария және жасырын нысандарын ұштастыру және дара баршылық, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимыл жасау принциптерінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76 Заңымен.

2-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76 Заңымен.

5-бап. Қаржы полициясы органдарының жүйесі

1. Қаржы полициясының төменгі бөлімшелері жоғары тұрғандарына бағынатын бірыңғай орталықтандырылған жүйесі бар.

Қаржы полициясы органдарының бірыңғай жүйесін:

1) мыналарды:

орталық мемлекеттік органды (бұдан әрі - уәкілетті орган);
қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдарын

қамтитын қаржы полициясының органдары;

2) оқу орындары және өзге де ведомстволық бағыныстағы мекемелер қ ұ р а й д ы .

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) қаржы полициясының тиісті бөлімшелері, сондай-ақ қаржы полициясының аймақаралық , аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық бөлімшелері қаржы полициясының аумақтық органдары болып табылады.

Қаржы полициясының көліктегі тиісті бөлімшелері қаржы полициясының мамандандырылған органдары болып табылады.

3. Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде уәкілетті органның функцияларын жүзеге а с ы р а д ы .

4. Қаржы полициясы органдарының жүйесіне кіретін уәкілетті органды, оның бөлімшелері мен оқу орындарын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мекемелерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қаржы полициясы органдарының жүйесіне кіретін ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметін жүзеге асырудың ерекшеліктері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

6. Қаржы полициясы органдарының туы мен нышаны бар.

Қаржы полициясы органдарының туы мен нышанының сипаттамасын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76 Заңымен.

6-бап. Уәкілетті орган

1. Уәкілетті орган экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу жөніндегі басшылықты, сондай-ақ заңдарда көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқарушылық және рұқсат етушілік функцияларды жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган:

1) қаржы полициясының органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелер қызметінің негізгі бағыттары бойынша олардың іс-қимылына басшылықты, оның үйлестірілуі мен келісімділігін қамтамасыз етеді;

2) қаржы полициясы органдарының жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу және анықтау қызметінің практикасына талдау жасайды;

3) экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің нысандары мен әдістерін жетілдіреді, жедел-ізвестіру қызметінің стратегиясы мен тактикасын белгілейді, қаржы

полициясы органдары қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

4) қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің жұмысына бақылау жасайды;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

б) қаржы полициясы органдарының мамандарын даярлауды және кадрларының біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

7) қаржы полициясы органдары қызметінің басым бағыттарын іске асырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерін әзірлейді;

8) экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, өз өкілеттіктері шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысады;

8-1) қылмыстар профилактикасы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін қорғау, халық тарапынан сенім мәселелеріне басымдық беріп, өкілді органдар мен жұртшылық беретін сыртқы бағалау тетіктерін айқындай отырып, сыбайлас жемқорлық деңгейінің рейтингтік бағасын енгізіп, есептілік және қызметті бағалау жүйесін жетілдіреді, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын белгілейді;

9) өз өкілеттігі шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Уәкілетті органның, оның бөлімшелерінің, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы мекемелері қызметінің негізгі мәселелерін қарау үшін уәкілетті орган басшысының жанынан консультациялық-кеңесші орган болып табылатын алқа құрылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76, 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

7-бап. Уәкілетті органның басшысы

1. Уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

2. Басшы шешімдерді өз өкілеттігі шегінде дербес қабылдайды және уәкілетті органның қызметі үшін жеке өзі жауап береді.

3. Басшы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- 1) уәкілетті органға басшылықты жүзеге асырады;
- 2) барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда уәкілетті органның атынан өкілдік етеді;
- 3) қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының және ведомстволық бағыныстағы басқа мекемелердің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 4) өз орынбасарларының, қаржы полициясы органдары бөлімшелерінің, оқу орындарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы басқа мекемелер басшыларының құқықтары мен міндеттерін белгілейді;
- 5) өз өкілеттігі шегінде қаржы полициясы органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелердің міндетті түрде орындауына жататын бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 6) Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штат санының лимиті шегінде қаржы полициясы органдары бөлімшелері мен оқу орындарының құрылымын және қаржы полициясы органдарының бөлімшелері мен оқу орындары туралы ережелерді бекітеді;
- 7) Қазақстан Республикасының міндетті арнайы тексеруден өткен азаматтарын қаржы полициясы органдарының кадр құрамына қабылдайды, арнайы атақтар береді;
- 8) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 9) әдетте, орынбасарлар, бөлімшелер басшылары және өзге де лауазымды адамдар арасынан алқаның сан және жеке құрамын бекітеді, сондай-ақ алқа отырыстарын әзірлеу мен өткізудің тәртібін белгілейді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76 Заңымен.

3-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

8-бап. Қаржы полициясы органдарының міндеттері

1. Қаржы полициясының органдары өздерінің алға қойған міндеттеріне сәйкес, өз өкілеттіктері шегінде:

- 1) жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстар туралы мәлімдемелер мен хабарларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, қылмыстардың жолын кесу, оларды ашу, қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарына жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қолдануға;

2) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіппен анықтау мен алдын ала тергеуді жүзеге асыруға;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және ж о л ы н к е с у г е ;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

4) жедел-ізвестіру шараларын жүзеге асыру, қылмыстық процесте пайдалану үшін олардың нәтижелерін тіркеп қою арқылы қылмыстарды анықтауды, алдын алуды, жолын кесуді және ашуды қамтамасыз етуге, өзінің іс жүргізуіндегі қылмыстық істер бойынша жедел-ізвестіру шараларын жүргізу туралы тергеушінің жазбаша тапсырмалары мен прокурордың нұсқауларын, сондай-ақ соттың қаулыларын орындауға;

5) мыналарды :

қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша адамдарды; жүрген жері белгісіз болған кезде соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай талап қоюлар бойынша жауапкерлерді іздестіруді жүзеге асыруға ;

б) экономикалық құқық бұзушылықтар келтірген мүліктік зиянның өтелуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға;

7) экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды анықтауға және жолын кесуге;

8) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөнінде заң актілерінде көзделген шараларды қолдануға;

9) мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, сондай-ақ жүктелген міндеттерді атқару кезінде алынған басқа да ақпаратты сақтауға;

10) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өздерінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтер табыс е т у г е ;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

11) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

11) оналту және банкроттық саласындағы уәкілетті органның сұрау салуы бойынша тексеру жүргізу шеңберінде заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған немесе оларға қатысты оналту рәсімі қолданылған борышкерлерге қатысты іс жүргізудегі материалдар мен қозғалған қылмыстық істер бойынша

мәліметтерді және құжаттардың көшірмелерін ұсынуға;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

12) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

12) уақытша не банкроттықты немесе оналтуды басқарушының сұрау салуы бойынша оңалту немесе банкроттық рәсімін жүргізу шеңберінде заңда белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған немесе оларға қатысты оналту рәсімі қолданылған борышкерлерге қатысты іс жүргізудегі материалдар мен қозғалған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді және құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

2. Қызметкерлері азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда қаржы полициясының органдары бұзылған құқықты қалпына келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлі адамдарды жауапқа тартуды қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.07.08 № 76, 2009.08.28 № 192-IV (2010.03.08 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 2014.06.10 № 206-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Қаржы полициясы органдарының құқықтары

1. Қаржы полициясының органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін өз өкілеттіктері шегінде және заңда белгіленген тәртіппен:

- 1) жалпы және арнайы жедел-іздістіру шараларын жүзеге асыруға;
- 2) іс жүргізуде жатқан материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге мәліметтерге қол жеткізуге, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап етуге, олардың көшірмелерін түсіруге, түсініктемелер алуға;
- 3) іс жүргізуде жатқан қылмыстық істер бойынша шақыру бойынша келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелуге;
- 4) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңдарына және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қоюға немесе арасынан алуды жүргізуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалануға;
- 6) ұсталғандарды және қамауға алынған адамдарды күзетпен алып жүруге;
- 7) қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен, халықаралық ұйымдармен қ а р ы м - қ а т ы н а с ж а с а у ғ а ;

8) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау , әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарында көзделген басқа да шараларды қ о л д а н у ғ а ;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда уәкілетті органдардан және лауазымды адамдардан ревизиялар, тексерістер, аудит және баға беру ісін жүргізуді талап етуге;

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

1-тармақты 9-1) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

10) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР 04.07.2014 № 233-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

10) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарына жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерін құру және пайдалану, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу, анықтау, іс жүргізу барысында зерттеулер ұ й ы м д а с т ы р у ғ а ;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу, оқыту, баспа қызметін жүзеге асыруға;

12) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуға міндетті нұсқамалар мен ұсынымдар беруге құқылы.

2. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қару, оқ-дәрі, арнайы құралдар сақтауға, алып жүруге және қолдануға, сондай-ақ қажет кезінде білек күшін, соның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін де қолдануға құқығы бар.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV Заңымен.

4-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛЕК КҮШІН, АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҚАРУ ҚОЛДАНУЫ

Ескерту. 4-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің және өзге де жұмыскерлерінің еңбегін құқықтық реттеу

Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі.

Қаржы полициясы органдарының өзге де жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

14-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің арнаулы атақтары

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтар беріледі. Қаржы полициясы органдарының арнаулы атақтар берілетін лауазымды адамдарының тізбесін, сондай-ақ орталық органда, аумақтық бөлімшелерде және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерде соларға сәйкес шекті арнаулы атақтарды Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

Ескерту. 6-тарау алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қаржы полициясы органдарын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қаржы полициясы органдарын қаржыландыру мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің жауапкершілігі және олардың іс-әрекеттеріне шағым жасау құқығы

Ескерту. 24-бап алып тасталды - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу

Осы Заң, 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 13-14-баптарды қоспағанда, жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК